

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕТОДИКАСЫН ОҚЫТУДА КРЕАТИВТІ ЖАНАСУ

Джураева Пердегүл Саидовна

Науаи облыстық халыққа білім беру қызметкерлерін қайта дайындау және олардың білігін жетілдірудің аймақтық орталығы, «Мектепке дейінгі, бастауыш және арнайы білім беру методикалары» кафедрасы доцент м/а

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6975787>

Аннотация. Мемлекеттік білім беру жүйесі білім берудің мазмұнына, сапасына және біліктілігіне, сондай-ақ педагогикалық кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етілу деңгейіне, қазіргі заманғы білім беру және инновациялық технологияларды, шетелдік білім берудің жетістіктер.. PIRLS зерттеуінің мақсаты – әлемнің әртүрлі елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін салыстыру және оқу сауаттылығын дамытудағы ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктерін анықтау.

Негізгі сөздер: біліктілік, зерттеушілік, бастауыш мектеп, ұлттық тәрбие.

BOSHLANG‘ICH SINFLARDA O‘QISH MALAKALARI METODIKASINI O‘RGATISHDA IJODIY YONDASHUV

Annotatsiya. Xalq ta‘limi tizimi ta‘limning mazmuni, sifati va malakasiga qo‘yiladigan talablar hamda pedagog kadrlarni qayta tayyorlash va malakasini oshirish o‘quv dasturlari, zamonaviy o‘quv va innovatsion texnologiyalardan, xorijit ta‘lim yutuqlaridan foydalanish jarayonlarini taqdim etish darajasi asosida shakllantiriladi. PIRLS tadqiqotining maqsadi dunyoning turli mamlakatlari boshlang‘ich sinflarining matnni tushunish darajalarini solishtirish va o‘qish savodxonligini rivojlantirishda milliy ta‘lim tizimining xususiyatlarini aniqlashdan iborat.

Kalit so‘zlar: malaka, tadqiqot, boshlang‘ich sinf, milliy ta‘lim.

КРЕАТИВНЫЙ КОНТАКТ В ОБУЧЕНИИ МЕТОДИКЕ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Аннотация. Система народного образования формируется на основе требований к содержанию, качеству и квалификации образования и уровню представленности образовательных программ переподготовки и повышения квалификации педагогических кадров, использования современных образовательных и инновационных технологий, зарубежных образовательных достижений. . Цель исследования PIRLS – сравнить уровни понимания текста начальных классов разных стран мира и определить особенности национальной системы образования в развитии читательской грамотности.

Ключевые слова: повышения, исследования, начальный класс, национальное образование.

CREATIVE APPROACH TO TEACHING METHODS OF READING SKILLS IN PRIMARY SCHOOLS

Abstract. The system of public education is formed on the basis of the requirements for the content, quality and qualification of education and the level of presentation of educational programs for the retraining and upgrading of pedagogic personnel, the use of modern educational and innovative technologies, foreign educational achievements. The purpose of the PIRLS research is to compare the levels of understanding of the text of the primary classes of

different countries of the world and to determine the features of the national education system in the development of reading literacy.

Keywords: *improve, research, elementary classes, national education.*

КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2022 жыл 17 январьдағы “Халыққа білім беру қызметкерлерін үздіксіз кәсіби өркендету жүйесін ұйымдастыру тәртібі туралы Нызамды бекіту” жайлы 25-санды қаулысында белгіленген басты міндеттер мазмұнынан келіп шығып құрастырылған болып, ол заманауи талаптар негізінде пән оқытушыларының білімін жетілдіру үдерістерінің мазмұнын жетілдіру және де олардың кәсіптік компетенттігін арттыруды көздейді.

Өзбекстан Республикасының тәлім-тәрбие саласындағы мемлекеттік саясаты, тәлім-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың құқықтық-нормативтік құжаттары, педагогтың кәсіптік компетенттігі мен шеберлігі, тәлім-тәрбие үдерісінде психологик жанасу, бастауыш тәлімді оқытуда инновацион жанасулар, бастауыш тәлімді оқыту методикасын оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи әдістерін өз ішіне алады және олар бойынша тиісті жаңа білім, дағды, білік пен компетенцияларды қалыптастыруға бағытталған. Халыққа білім беру жүйесі педагог кадрларын қайта дайындау мен білігін жетілдірудің мазмұны, сапа мен олардың дайындықтарына қойылатын білік талаптары мен оқу жоспары негізінде қалыптастырылған болып, бастауыш тәлім оқытушыларын заманауи тәлім мен инновациялық технологиялар, озық шетел тәжірибелерінен пайдалану үдерістерін кең ауқымда ұсыну деңгейін асыру есебіне олардың кәсіп шеберлігі мен оқу-әдістемелік іс-әрекетін сапалы ұйымдастыру компетенциясын үздіксіз үнемі дамытуды көздейді.

ІЗДЕНІС МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МЕТОДОЛОГИЯСЫ

PIRLS халықаралық бағалау программасы және оны ұйымдастыру мәселелері: PIRLS зерттеуінің мақсаты әртүрлі әлем елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін сәйкестендіру және ұлттық білім жүйесінің оқу сауаттылығын ашудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Аталмыш зерттеу халықаралық сарапшылардың тұжырымдауы бойынша «Оқу сауаттылығы» - бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әртүрлі жазбаша және сөйлесу формасын түсінуі мен терең ойлау, өз мақсаттарына жетуі мен өмірде толыққанды жетістікке жету қабілеті деп көрсетіледі. Соның негізінде адамзат және қоғам үшін білім саясатында басты принциптерді қалыптастырады. PIRLS зерттеуі мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- Білім беру саласында әлемдік басымдылықтарда көрініс тапқан құралдар негізінде алынған нәтижелердің талдауы нақты өлшеуіштермен белгіленуі;
- Білім беру жүйесінің салыстырмалы бағасы және олардың тиімділігі; Зерттеу қорытындысына әсер ететін контекстегі дәйектемелерді анықтау;
- Ғылыми дәлелденген әлемдік ақпараттық қауымдастықтың мәліметтерін алу;
- Тәуелсіз елдер нәтижесін, сонымен қатар білім саясатын жақсарту нұсқауын зерттеуге қатысушыларға ұсыну.

Бұл зерттеуде төртінші сыныпты аяқтап жатқан оқушылардың білімі тексеріледі, өйткені осы төртінші оқу жылы балалар дамуының негізгі кезеңі болып есептеледі – осы

жаста оқушылардың оқу дағдысы олардың ары қарай білім алуының маңызды құралына айналуы тиіс.

Бүгінгі күні мемлекетімізде PIRLS зерттеуіне қатысу мақсатында іс - шаралар өткізіліп жатыр. Ол зерттеудің мақсаты мен оның өткізілу тәртібін, тапсырмалардың ерекшеліктерін мұғалімдер мен оқушыларға, ата - аналарға бағдар етуге, біліктігі мен дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған. PIRLS зерттеуіндегі оқу сауаттылығы оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы.

Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға, оқушыларды әлеуметтенуге және дербестеуге бағыттау, болашақ кәсіби қызметі саласын жауапты таңдауына дайындау.

ІЗДЕНИС НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқу сабақтарында мәтіндер негізінде PIRLS тапсырмаларын құрастыру және оны бағалау критерийлері. Мәтін және тапсырмалар үлгісі.

Ыбырай Алтынсарин. Баланың айласы

Бір ғалым адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп ғалымға ұмтылды, ғалым айтты: - Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

- Бар. Ғалым айтты:

- Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсың, - деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты: - Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өмірімше қызмет істесем де, адам қай уақытта шамамнан тысқары жүк артады да, жүре алмасам ұрып-соғып ренжітеді.

Жылан мұны есітіп, ғалымның мойнына бір оралды. Мұнан шығып жеміс ағаштарына келіп жүгінді. Бұл ағаш та айтты:

- Жақсылыққа жамандық бар; не үшін десеңіз: менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты орып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді, - деді. Жылан ғалымның мойнына тағы бір оралды. Онан кетіп бір итке жолығысты.

Ит те айтты:

- Жақсылыққа жамандық бар, мен иеме қанша түн-күн ұйықтамай мүлкін, малын, өзін бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып аурулы болған соң, таяқтап ұрып мені қуып жіберді, - деді. Жылан және бір оралып, енді шағамын деді.

Ғалым айтты:

- Енді тағы біреуге-ақ жүгінейік, төрелік тағы саған тисе, шаға бер.

Сонан шығып бір топ ойнап жүрген балаларға келді. Ішінде бір бала ғалымға сәлем берді. Ғалым сәлемін алып, сол балаға істерінің мәнісін айтты.

Бала есітіп болып:

- Әй, ата, бекер сөйлейсің осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдиға мойнына үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? – деді. Сонда жылан да айтты: - Бұл сөз рас, - деп.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп. Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, ғалымның қолына берді, «апарып алған орныңызға қойыңыз» деп.

ТАЛҚЫЛАУ

Тапсырмалар

1. Ғалым адам қандай тасқа сүрінді?

- А) Таудау үлкен тасқа.
- Б) Бір үлкен тасқа.
- В) Дәу бір тасқа.
- Г) Алып бір тасқа.

2. Тасты жолдан алып тастайын дегендегі ойы не еді?

- А) Жығылған адамға қиын екен деп ойлады.
- Б) Жапанда неғылған тас екен деп ойлады.
- В) Жығылған соң адамға зиян келтіретін тас екен деп ойлады.
- Г) Сүріндіретін үлкен тас екен деп ойлады.

3. Сандық қайдан шықты?

- А) Өзі сүрінген тастың астынан.
- Б) Жолдың бойынан шықты.
- В) Жапандағы тастардың астынан.
- Г) Таудай тастың астынан.

4. Жылан мен ғалым қандай қасиеттер жайлы пікір жүргізді? Оған не себеп болды? Ойыңызды жазбаша сөйлеммен толықтырыңыз.

5. Төрелік шешім қабылдауда қандай келісім жасалды?

- А) Жақсылық пен жамандықты анықтау.
- Б) Біреуге жүгінелік.
- В) Ғалымның айлакерлігі.
- Г) Жыланның көнуі.

6. Істердің мәнісін есіткен түйенің сөздерін келтіріңіз. Түйе адамдардан неліктен ренжиді екен?

7. «...түбімнен қатты орып» дейтін жүгінуші пікірі қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?

- А) Жемісін жанын ауыртып алатынына ренжіген.
- Б) Жерге түсіріп жемісті жейтіндеріне өкінген.
- В) Адамдар көп пайдаланса да мейірсіздігіне ренжіген.
- Г) Жоғарыда айтылған пікірлердің бәрі дұрыс.

8. Иттің бұлардың шаруасына білдірген сөздері қалай болды? Иттің сөздерін өзіңіздің түсінігіңіз бойынша айқындаңыз.

9. Жылан ғалымды әрбір жүгінгендердің сөздерінен соң қандай күйге түсірді?

- А) Шағамын деді.
- Б) Мойнына оралып алар еді.
- В) Мойнына оралып шағамын дер еді.
- Г) Мойнына асылып алған еді.

10. Соңғы жүгінуде ғалым қандай балаға істің мәнін айтады?

- А) Бір топ ойнап жүрген балаға.
- Б) Кішкентай балаға.
- В) Екі балаға.
- Г) Сәлем берген балаға.

11. Жылан баланың айлакерлік тұсауына түсуіндегі мән-жайды баяндаңыз.

12. Жыланның баланы нандырудағы іс-әрекеті қалай болды?

- А) Жылан иіріліп барып, манағы қобдиға кіріп жатты.
- Б) Кіп-кішкентай қобдиға сыямын деді.
- В) Сандыққа кіріп алды.
- Г) Жылан иіріліп, сандыққа жатты.

13. Бала сандықты қалай бекіді?

- А) Құлыппен сандықты бекіді.
- Б) Жіппен қобдиды байлады.
- В) Тарс еткізіп сандықты жауып бекіді.
- Г) Сандықтың үстіне тасты бастырды.

14. Ғалым баланың қандай тапсырмасын орындауы тиіс болды?

- А) «Апарып алған орныңызға қойыңыз».
- Б) «Апарып тастың орнына қойыңыз».
- В) «Апарып сандықты жайына қойыңыз».
- Г) «Қобдишаны алған жайына қойыңыз».

Хоу Идің күнді садақпен атуы

Қиырдағы Шығыс теңізінің аралдарының бірінде орналасқан Күн алқабында алып фу-сан ағашы өскен екен. Биіктігіне көз жетпейтін ағаштың жоғарғы ұшында Аспан әміршісі мен Ши Хы әйел құдайының он ұлы – он күн өмір сүрген-мыс.

Олар күн сайын бірін-бірі алмастырып, аспанға кезекпен шығатын: біреуі үйіне жетсе, дереу екіншісі көкке көтерілетін еді.

Әр күні, таң арайлап атқан кезде, фу-сан ағашының төбесінде отыратын Яшма әтеші жаңа күннің басталуынан хабар берген. Оның шақырғанына теңіз де толқып, жарық және ашық күн асықпай шыға келген. Демек, алты айдаһар жегілген күйме арбасымен Ши Хы әйел құдайы мен оның күн-ұлы аспанды серуендеп шықты деген сөз. Олар арайлы шуағын шашқан таң сәріден, жұлдыздары жымыңдаған кешкі аспанға дейін жүйткіп отырған. Келесі күн келгенде Ши Хы екінші ұлымен күйме арбасына отырып, тағы да көк аспанды бойлап серуенге аттанған.

Күндер өтіп, жылдар жылжып, ғасырлар ғасырға жалғасады. Сөйтіп, Ши Хының ұлдары мұндай таптаурын өмірден әбден жалығады.

Бір күні бауырлар анасының келуін күтпей, өздері аспанға қашып кетеді. Сол жерде балалар асыр салып ойнап, көкжиекте шапқылап жүреді.

Олар қызыққа батқан сайын, жердегі адамның ахуалы мүшкіл бола бастайды: пана болар көлеңке табылмай, күріш алқаптары өртеніп, астық курап қалады. Аптап ыстыққа адамдардың қаны қайнап, тыныс алуы қиындайды. Алаулап жанған ормандар мен суы қайнаған өзендерден қашып шыққан қорқынышты жануарлар жүгенсіз кетіп, адамдарға қайғы-қасірет алып келе бастайды. Мұны білген Аспан әміршісі ұлдарының бейбастақтығын тоқтатуды ойлайды. Ол таңғажайып Хоу И садақшыны шақыртып, қолына қызыл садақ пен он күміс жебе ұстатып, тентек ұлдарының сыбағасын беруді тапсырады.

Әміршінің бұйрығын алған Хоу И әйелі Чаң Ымен бірге жерге жол тартады. Жерге түскен жігіт он күннің аптабына шыдамай, азап шеккен халықты көреді: көбі есінен танған, аяғында тұрғандарының құр сүйегі қалған. Мұны көрген батырды қайғы басады.

Мерген жігіт И дереу сиқырлы садағын қолына алып, сиқырлы жебесін салады да, күндердің бірін дәлдеп, тартып жібергені сол еді – зыр-р еткен дыбыс қана шығады. Әлем бір сәт тым-тырыс бола қалды. Аспан көгінде жоғалған жебе жалындаған дөңгелек күнді тесіп өткені сол еді, ол жарылып, жан-жаққа от ұшқындары шашырайды. Сол кезде аспаннан жерге күн рухының бейнесі – алтын қауырсынды үш аяқты қарға құлап түседі. Осылайша Хоу И он күннің біреуін атып түсіреді...

Қалған тоғыз күн қорыққанынан аспанда ары-бері арпалысып, тығыларға тесік таппай сасады. Алайда қайсар мерген қайта-қайта садақ адырнасын тартып, жебе аспанға ұшып, көкте жалынды күн дөңгелектері кезекпен жарыла береді. Бірінен соң бірі жерге үш аяқты қарғалар құлай берді.

Енді адамдар қорқа бастады: егер күннің бәрі жоғалса, онда егін шықпайды, аштық келеді! Сөйтіп, олар білдірмей Хоу Идің оқшантайынан бір тал жебені шығарып алады. Осылайша аспанда бірінен соң бірі күндер жойылып, ақыры соңғысы аман қалады. Содан бері күн шалқақтықты қойып, жуас болыпты-мыс. Ол күн сайын белгілі уақытта шығып, адамдарға шұғыласын шашып, өсімдіктердің өсуіне көмектесетін болыпты.

Тапсырмалар.

1. Фу-сан ағашы қайда өскен екен?

- А) Қиырдағы Шығыс теңізінде орналасқан Күн алқабында.
- Б) Қиырдағы Шығыс теңізінің аралдарының бірінде орналасқан Күн алқабында.
- В) Қиырдағы Шығыс теңізінің аралдарының бірінде орналасқан Жұлдыз алқабында.
- Г) Қиырдағы Шығыс теңізінің аралдарының бірінде орналасқан Ай алқабында.

2. Аспан әміршісі мен Ши Хы әйел құдайының он ұлы – он күн қайда өмір сүрген-мыс?

- А) Биіктігіне көз жететін ағаштың арасында.
- Б) Биіктігіне қол жететін ағаштың жоғарғы ұшында
- В) Биіктігіне көз жетпейтін таудың басында.
- Г) Биіктігіне көз жетпейтін ағаштың жоғарғы ұшында.

3. Жаңа күннің басталуынан оларды не хабарлаған?

- А) Фу-сан ағашының төбесінде отыратын Яшма әтеші.
- Б) Таудың төбесінде отыратын Яшма әтеші.
- В) Ағаш арасындағы Яшма әтеші.
- Г) Көктегі Яшма әтеші.

4. Ши Хы әйел құдайының серуенге шыққандағы жағдаяттарды баяндаңыз.

5. Таптаурын өмірден әбден жалыққан күн балалары көкжиекте шапқылап жүргенде адамдардың халі қалай болады?

- А) Адамдарға қайғы-қасірет алып келе бастайды.
- Б) Қорқынышты жануарлар жүгенсіз кетеді, жердегі адамның ахуалы мүшкіл бола бастайды.
- В) Пана болар көлеңке таппай, күріш алқаптары өртеніп, астық қурайды, аптап ыстыққа адамдардың қаны қайнап, тыныс алуы қиындайды.
- Г) Жоғарыда баяндалған жаядайлардың бәрі адамдардың халін мүшкіл етеді.

6. Аспан әміршісі ұлдарының бейбастақтығын қалайша тоқтатуды ойлайды? Ойыңызды баяндаңыз.

7. Әміршінің бұйрығын алған Хоу И әйелі Чаң Ыны неге қайғы басады?

- А) Он күннің аптабына шыдамай, азап шеккен халықты көреді: көбі есінен танған, аяғында тұрғандарының құр сүйегі қалғанын көрген соң.
- Б) Жан-жануарлар аптаптан қырылып жатқанын көрген соң.
- В) Адамдар көптен азап шеккенін көрген соң.
- Г) Есінен танған адамдар мен жануарларды көрген соң.

8. Мерген жігіт И қандай керемет көрсетті?

- А) Аспан көгінде жоғалған жебе жалындаған дөңгелек күнді тесіп өтеді.
- Б) Сиқырлы сада жебесімен күнді шығарады.
- В) Сиқырлы жебесімен күндердің бірін дәлдеп, тартып жіберіп, зыр-р еткен дыбыс шығарып, атып түсіреді.
- Г) Күн рухының бейнесі – алтын қауырсынды үш аяқты қарғаны сиқырлы садақ жебесімен он күннің біреуін атып түсіреді.

9. Қалған тоғыз күн ұлдары қандай күйге түседі?

- А) Аспанды торлай қуаласып, ары-бері-арпаласудан тоқтайды.
- Б) Сиқырлы садақтың жебесінен жараланады.
- В) Қорыққандарынан аспанда ары-бері арпалысып, тығыларға тесік таппай сасып қалады.
- Г) Садақтың жебесінен шошып зымырай бастайды.

10. Қайсар мергеннен адамдар неге қорқа бастайды?

- А) Егер күннің тоғызы жоғалса, онда егін шықпайды, аштық келеді!
- Б) Егер күннің бәрі жоғалса, онда егін шықпайды, аштық келеді!
- В) Егер күннің біреуі жоғалса, онда егін шықпайды, аштық келеді!
- Г) Егер жұлдыздың бәрі жоғалса, онда егін шықпайды, аштық келеді!

11. Адамдар қандай айлакерлік жасайды?

- А) Оқшантайын босатып тастайды.
- Б) Сиқырлы садағын білдірмей алып қояды.
- В) Сиқырлы садақ жебесін сындырып тастайды.
- Г) Оқшантайынан бір тал жебені шығарып алады.

12. Осылайша жоғалған күндерден нешеуі аман қалады?

- А) Тоғызы. Б) Ақыры соңғысы.
- В) Үшеуі. Г) Оны.

13. Шалқақтықты қойған күн қандай күйге түседі?

- А) Ойынқұмар. Б) Жебеден қорқатын.
В) Жуас. Г) Қайғылы.

14. Күн сайын белгілі уақытта шығатын күн қалайша қайырымды болыпты?

- А) Жарық шашып, сәулелендіруді мақсат етіпті.
Б) Ойынқұмарлығын тастапты.
В) Жуас болып, мейірін шашатын болыпты.
Г) Адамдарға шұғыласын шашып, өсімдіктердің өсуіне көмектесетін болыпты.

ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Қорыта келе, қазіргі уақытта әдіс-тәсілдердің бірі ретінде білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер оқыту үрдісін озық технологиялармен қамтып жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыда оқытудың жаңа технологияларын жете меңгеріп, балалардың психологиялық жас ерекшеліктеріне орай орынды қолданудың мәні ерекше. Қазіргі кезде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл үрдіс оқу тәрбие үрдісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне жетуді көздейді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияларды меңгеру тәрбиешінің де мұғалімнің де интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

REFERENCES

1. Мусахоновна Қ. Л. УЗЛУКСИЗ ТАЪЛИМ ТИЗИМИДА БИОЛОГИЯ ФАНИДАН САМАРАДОРЛИККА ЭРИШИШДА ЭЛЕКТРОН ТАЪЛИМИЙ ВОСИТАЛАРДАН ФОЙДАЛАНИШНИНГ ИЛМИЙ-АМАЛИЙ АСОСЛАРИ //Science and innovation. – 2022. – Т. 1. – №. В3. – С. 577-585.
2. Dzhuraev R. K., Karakhanova L. M. Model of the organization of research activities of 10th grade students in teaching physics and biology //International journal of discourse on Innovation, integration and education. – 2021. – Т. 2. – №. 01. – С. 296-300.
3. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2022 жыл 17 январьдағы “Халыққа білім беру қызметкерлерін үздіксіз кәсіби өркендету жүйесін ұйымдастыру тәртібі туралы Нызамды бекіту” жайлы 25-санды қаулысы.
4. Касимова К., Матжонов С., Гуломова Х., Юлдашева Ш., Сариев Ш. Ана тілін оқыту әдістемесі. –Т.: Ношир, 2009. - 163 б.
5. Абдуллаева Қ. және т.б. 2 сынып оқудың сабақтары. –Т.: Мұғалім, 2009 ж.- 266 б.
6. PISA 2012 Assessment and Analytical Framework (mathematics, reading, т science, problem solving and financial literacy).
7. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.- Алматы, 1973.- 318-325 б.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар.-Алматы. Қазақ ҚСР ҒА баспасы, 1955–148 б.
9. Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрлігі: www.uzedu.uz.
10. Әлеуметтік ақпараттық білім беру порталы: www.ziyonet.uz.
11. <https://www.lex.uz> - Өзбекстан Республикасының заңнамасы Ұлттық мәліметтер базасы.
12. <http://www.google.ru>

13. Нажмиддинов, Р. Ю., Меликўзиева, Г. Қ., Зокиров, М., & Юсупов, И. (2022). МАРКАЗИЙ ҚИЗИЛҚУМ ФОСФОРИТЛАРИДАН ТАРКИБИДА КАЛЬЦИЙ ВА МАГНИЙ БЎЛГАН КОНЦЕНТРАНГАН ФОСФОРЛИ ОДДИЙ ЎҒИТЛАР ОЛИШ. ИТМОИЙ ФАНЛАРДА ИННОВАСИЯ ОНЛАЙН ИЛМИЙ ЖУРНАЛИ, 2(6), 56-61.
14. Кодирова, Г. К., Шамшидинов, И. Т., Тураев, З., & Нажмиддинов, Р. Ю. У. (2020). ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА ПОЛУЧЕНИЯ ВЫСОКОКАЧЕСТВЕННЫХ ФОСФАТОВ АММОНИЯ ИЗ ЭКСТРАКТНОЙ ФОСФАТНОЙ КИСЛОТЫ НА ОСНОВЕ ФОСФОРИТОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КЫЗЫЛКУМА. *Universum: технические науки*, (12-3 (81)), 71-75.
15. Shamshidinov, I., et al. "ЭКСТРАКЦИОН ФОСФАТ КИСЛОТАНИ ОҲАКТОШ ХОМАШЁСИ БИЛАН НЕЙТРАЛЛАШ АСОСИДА КАЛЬЦИЙ ВА МАГНИЙ ФОСФАТЛИ ЎҒИТЛАР ОЛИШ." *Science and innovation 1.A4* (2022): 161-169.
16. Najmiddinov, R., Shamshidinov, I., Qodirova, G., Nishonov, A., & Sayfiddinov, O. (2022). МАРКАЗИЙ ҚИЗИЛҚУМ ФОСФОРИТЛАРИ АСОСИДАГИ ЭКСТРАКЦИОН ФОСФАТ КИСЛОТАДАН ЮҚОРИ СИФАТЛИ АММОНИЙ ФОСФАТЛАРИ ОЛИШ. *Science and innovation*, 1(A4), 150-160.
17. Мамуров, Б. А., Шамшидинов, И. Т., Усманов, И. И., & Кодирова, Г. К. (2019). Исследование процесса нейтрализации экстракционной фосфорной кислоты мелом. *Universum: химия и биология*, (2 (56)), 21-26.
18. Karakhonova L. M. Using the electronic educational resources in biology lessons //INTERNATIONAL SCIENTIFIC REVIEW OF THE PROBLEMS OF PHILISOPHY, PSYCHOLOGY AND PEDAGOGY. – 2019. – С. 35-39.
19. Jurayev, R. K., & Karakhanova, L. M. (2020). Scientific And Methodical Bases Of The Use Of Electronic Educational Resources In Teaching Biology In General Educational Schools. *International Journal of Advanced Science and Technology*, 29(8), 3500-3505.